

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Есенова Қалбике Өмірбайқызының «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Култанбаева Нургул Калдыгуловнаның «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
**ЖАЗБАША ПІКІРІ**

| р/н № | Критерийлер  | Критерийлер сәйкестігі  | Ресми рецензенттің ұстанымы  |
|-------|--|---|--|
| 1.    | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br><br>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде)» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:<br><br>1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);<br>2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);<br>3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (І. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 21.11. 2018 ж.).<br>4) ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04. 2016 ж.). |
| 2.    | Ғылымға маңыздылығы  | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.   | Диссертант Н.К. Култанбаева тіл білімінің лингвомәдениеттаным бағытына сай зерттеу жүргізген және диссертация лингвистика ғылымына елеулі үлес қосады. Ғылыми жұмыста дискурс теориясы мен лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімінің жалпы және жеке мәселелері, олардың ұғымдық аппаратын толықтыру, ертегі дискурсын салғастырмалы аспектіде зерттеу әдістемесі мен әдістерін әрі қарай жетілдірудің теориялық және практикалық маңыздылығы толық ашылған. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін қазақ, орыс және араб тілдері материалдарын салғастыра зерттеу арқылы орындалған осы диссертациялық жұмыс жалпы тіл білімі, лексикология, дискурс теориясы,  |

|    |                      |   |  |
|----|----------------------|---|--|
|    |                      |   | <p>лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі, лингвистикалық зерттеу әдістері бойынша арнайы курстар, дискурстық талдау және мәтін лингвистикасы курстарын өткізуде, лексикографиялық тәжірибеде және ертегі дискурсын салғастырмалы талдауда қолдануда септігін тигізеді. Диссертациядағы ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдар лингвистика ғылымының дискурсология және лингвомәдениеттаным бағыттарын жаңа қырынан зерттеуге, ертегі дискурсын салғастырмалы аспектіде зерттеу әдістемесі мен әдістерін әрі қарай жетілдіруге теориялық және практикалық үлесін қосады.</p> <p>Диссертант алғаш рет ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы аспектіде (қазақ, орыс, араб тілдері материалы негізінде) қарастырып, «ертегі дискурсы» мен «ертегі мәтіні» терминдеріне ара жігі ажыратылып, негізгі айырмасы сараланған (17-44 бб.).</p> <p>Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері терминіне анықтама беріліп, оған не жатқызылатыны (тілдік: лексикалық, грамматикалық, семантикалық), қарым-қатынас стратегиясы, когнитивтік-коммуникативтік) сараланып, әрқайсысына сипаттама берілген (53-95 бб.).</p> <p>Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің қабылдануы мен түзілу ерекшеліктеріне эксперименттік талдау жүргізіліп, нәтижелері талданған (104-111 бб.).</p> <p>Ертегі дискурсын лингвомәдени аспектіде салғастыра зерттеу әдістемесі жасалып, ертегі дискурсын дискурстық-лингвомәдени талдау үлгісі ұсынылған. Қазақ, орыс, араб қиял-ғажайып ертегі дискурсы аталған талдау үлгісі бойынша салғастырылған (112-128 бб.).</p> <p>Диссертацияда ұсынылған дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы зерттеу үлгісін дискурстың басқа кез келген жанрын зерттеуде және салғастырмалы талдауларда қолдануға болады.</p> |
| 3. | Өзі жазу принципі    | Өзі жазу деңгейі:<br>1) <b>жоғары;</b><br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған                                  | Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделенген және жарияланған жұмыстарының нәтижесі болып табылады (8-9 бб.).  |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) <b>негізделген;</b><br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (5 б.).<br>Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы аспектіде зерттеудің өзектілігі тілдің дискурстық және лингвомәдени аспектілеріне деген қызығушылықтың артуымен, ертегі дискурсы дискурстың ерекше түріне жататындығымен, ертегі дискурсы жанрын басқа дискурс түрлерінен ажырату мәселесінің ғалымдар арасында пікірталас туғызуымен   |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  |  | <p>түсіндіріледі. Сонымен бірге, ертегі дискурсының әмбебап сипаты мен ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау, ертегі дискурсы жанрына тән белгілерді нақтылау, ертегі дискурсын дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісін жасау қажеттігімен, құрылысы әр түрлі тілдердің ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы аспектіде зерттеудің кешенді әдістемесінің жоқтығымен анықталады.</p>  |
|  | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br/> 1) <b>айқындайды;</b><br/> 2) жартылай айқындайды;<br/> 3) айқындамайды</p>                         | <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жасалған (8-9 бб.).<br/> Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтауға, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін нақты беру үшін, «ертегі дискурсы» терминін және оған тән жанрлық белгілерді нақтылауға бағытталған. Осы тұста 2-тараудың атауындағы жақшада берілген сөздердің артық екендігін айта кеткеніміз жөн.</p>  |
|  | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br/> 1) <b>сәйкес келеді;</b><br/> 2) жартылай сәйкес келеді;<br/> 3) сәйкес келмейді</p>       | <p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (5-6 бб.).<br/> Диссертант қазақ, орыс, араб ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін, ертегі дискурсы жанрына тән белгілерді анықтау, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін зерттеудің дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісін ұсыну деп пайымдаған және осы ғылыми пайымдауларын жұмыста дәлелдеген.</p>  |
|  | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br/> 1) <b>толық байланысқан;</b><br/> 2) жартылай байланысқан;<br/> 3) байланыс жоқ</p> | <p>Диссертациялық жұмыс құрылымы кіріспе, үш бөлім, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен 2 қосымшадан тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген.<br/> Диссертацияда ертегі дискурсының зерттелуіне тоқтала отырып, «ертегі дискурсы» терминіне анықтама беріп, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін тілдік (лексикалық, грамматикалық және семантикалық), қарым-қатынас стратегиясы, когнитивтік-коммуникативтік деп саралап көрсеткен. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің өзектелуіне талдау жасалып, ертегі дискурсы лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдау әдістемесі, дискурстық-лингвомәдени талдау үлгісі ұсынылған.</p> |
|  | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p>                                       | <p>Жұмыста диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдау бар. Н.К.Култанбаева ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар диссертациялық жұмыста дәлелденіп, бұрыннан белгілі ертегі</p>  |

|    |                            |   |  |
|----|----------------------------|---|--|
|    |                            | <p>1) <b>сыни талдау бар;</b><br/> 2) талдау жартылай жүргізілген;<br/> 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>  | <p>дискурсының лингвомәдени аспектіде зерттелген еңбектерге сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған (26, 36, 44, 70 бб.).<br/> Диссертант ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері мен ертегі дискурсына тән жанрлық ерекшеліктерді дискурстық талдау әдістері, салғастырмалы әдіс, салғастырмалы лингвомәдениеттану әдістері арқылы айқындаған (114-119 бб.).</p>  |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br/> 1) <b>толығымен жаңа;</b><br/> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br/> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>     | <p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Себебі, генетикалық туыстығы жоқ үш халықтың тілі олардың дүниетанымын білдіретін ертегілер мәтінінде түрлене қолдануы тұрғысынан алғаш рет салғастырыла қарастырылып, ортақ және айырым белгілері анықталған.<br/> Диссертант зерттеу барысында өзіндік талдаулар жасап, тың тұжырымдар ұсынған (35 б. 45 б. 67 б. 70 б. 80 б. 95 бет). Диссертацияның ғылыми нәтижелері халықаралық Scopus мәліметтер базасына енгізілген басылымдарда 1 мақала, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 4 мақала және халықаралық және практикалық конференцияларда 4 мақаланың жарық көруімен расталады.</p>   |
|    |                            | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br/> 1) <b>толығымен жаңа;</b><br/> 2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b><br/> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Зерттеуде алынған қорытындылар жартылай жаңа деп санаймыз. Себебі,<br/> 1. «Ертегі дискурсы» терминінің анықтамасы осыған дейін жарық көрген зерттеу еңбектерінде беріліп, ғылыми айналымға толық енгені мәлім. Сондай-ақ ертегі дискурсының әлеуметтік-тарихи, мәдени, этникалық, тілдік факторлар арқылы айқындалған, жеке тұлғаның және күллі халық санасының ерекшелігін, сан ғасырлар бойы дәлелденген озық дәстүрлерді бейнелейтін, белгілі бір дәуірге сәйкес келетін әлеуметтік концептілер мен олардың түрлі нұсқаларының өзіндік жиынтығы екендігі дәлелденген (17-33 бб.). Сондықтан 1-қорытынды жартылай жаңа.<br/> 2. Дискурс пен жанр ұғымының байланысын анықтауда мәтін мен дискурс терминдерінің ұғымдық шекарасына зер сала отырып, олардың айырмашылықтарын нақтылаған. Ертегі дискурсы жанрын басқа дискурс жанрынан ажырататын тоғыз белгіні анықтап, кесте түрінде өрнектеген (38 б.). Мәселен, «Ертегі мәтіні – тілдік материалдың статикалық қалпы, көрсеткіші» болса, «Ертегі дискурсы – динамикалық үдеріс» екендігі осы айырмашылықты барынша анық көрсететін тұжырым деуге болады. Сондықтан 2-қорытынды толығымен жаңа.<br/> 3. Ертегілік категориясының базалық өлшемдері нақтыланып, оларға <i>ғажайып, құндылық, белгісіз хронотоп, құрылымдық-семантикалық қайталаулар</i> сияқты белгілер жатқызылған. Аталған белгілердің болу себептерін және олардың барлық халықтардың ертегілерінде берілу</p> |

ерекшеліктерін ашып түсіндірген (18-20 бб.). 3-қорытынды жаңа. Алайда осындағы «ертегілік категориясы» деген терминді әлі де нақтылай түскен жөн, өйткені орыс тілінің әдеби нормасына сай жасалған терминнің қазақ тілінің стильдік ерекшелігіне сәйкес келмей тұрғаны анық.

4. Ертегі мәтіні мен ертегі дискурсының айырмашылығы бірнеше қырынан анықталған. Ол айырмашылықтар қарым-қатынастың жүзеге асуының визуалды/акустикалық, «жансыз/жанды» байланыс, қарым-қатынасқа түсушілердің байланысының жанама/тікелей сипатымен, ертегіні қабылдаудың әр кезеңдік/бір мезеттік сипатымен, статикалық өнім/динамикалық үдеріс сипатымен анықталады. Ертегі мәтіні – дискурсқа дайын өнім, ертегі дискурсы – дайын өнімнің нақты жағдаяттағы көрінісі ретінде дәлелденген (38 б.). Сондықтан 4-қорытындыны толығымен жаңа деуге болады.

5. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері анықталған және олардың үш түрі атап көрсетілген (тілдік: (лексикалық, грамматикалық, семантикалық); қарым-қатынас стратегиясы; когнитивтік-коммуникативтік). Көрсетілген үш өлшемнің өзектелу деңгейлерін беруде қазақ, орыс және араб ертегі дискурсына нақты мысалдар келтірілген. Осы тілдердің ертегі дискурсындағы ұлттық ерекшеліктің болуы, тірек концептілер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, метафоралар, реалий сөздер т.б. лексикалық бірліктер, грамматикалық құрылымдар, мәдени кодтар, мәдени маркерлер, символдар, олардың астырт және үстірт құрылымдарындағы мағыналары айқындалған (44-52 бб.). Сондықтан 5-қорытындыны толығымен жаңа деп санаймыз.

6. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтаудың маңыздылығы көрсетілген. Ертегі дискурсының астырт құрылымдарындағы мағыналар әр ұлттың дүние туралы кодталған білімдер жүйесін құрайтындығы берілген (58-60 бб.). 6-қорытынды жаңа болып саналады.

7. Ертегі дискурсы лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдау әдіснамасы, принциптері анықталып, оны зерттеудің дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісі ұсынылған (112-119 бб.). Сондықтан 7-қорытындыны толығымен жаңа деп есептейміз.

8. Қазақ, орыс және араб ертегі дискурсын салғастырмалы талдау ертегі дискурсының жанрына тән әмбебап белгілер мен ұлттық ерекшеліктер анықталған. Ертегі дискурсын салғастырмалы талдау нәтижесі кез келген мәдениеттегі кодталған білімдер жүйесінің кілтін ашу, дискурс орын алуының маңызды алғышарты деген тұжырымын толығымен жаңа деп тануға болады (119-123 бб.).

5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық

Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылған

|    |  |   |   |
|----|--|---|---|
|    |  | <p>немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа</b>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>  | <p>техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p> <p>Ертегі дискурсы жанрына тән белгілерді анықтау, «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемі» ұғымын анықтау (33-44 бб.), ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін зерттеудің дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісін ұсыну, қазақ, орыс және араб ертегі дискурсын салғастырмалы талдау тіл ғылымына үлес қосатын басты жаңалық болып табылады (112-123 бб.).</p>   |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі    | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>   | <p>Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>30 қазақ, 25 орыс, 23 араб тіліндегі жалпы көлемі 2400 беттен асатын ертегі мәтіндері алынып, оларға дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау жасалған (112-123 бб.).</p>   |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді</b>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <b>жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ</p> | <p>Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:</p> <p>1. «Ертегі дискурсы коммуниканттар арасындағы белгілі бір этностың әлеуметтік-мәдени дүние бейнесін терең көрсететін шынайы сөйлеу әрекеті; ертегі дискурсы – әлеуметтік-тарихи, мәдени, этникалық, тілдік факторлармен айқындалған, жеке тұлғаның және бүтін халық санасының ерекшелігін, уақытпен дәлелденген озық дәстүрлерді бейнелейтін, белгілі бір дәуірдің шындықтарымен сәйкес келетін әлеуметтік концептілердің және олардың түрлі нұсқаларының өзіндік жиынтығы» (17-33 бб.) деген тұжырымы үш халықтың төл ертегілерінен алынған үзінділерді салыстырып, талдау арқылы дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең. Мақала түрінде дәлелденген.</p> <p>2. «Ертегі дискурсы жанрын басқа дискурс жанрынан ажырататын белгілер анықталды: тілдік бірліктердің таңдап қолданылуы; айтылымның нақты бір адресатқа бағытталуы; жеке авторлық шеберлік (қарым-қатынас күзиреттілігі); ұлттық ерекшеліктің болуы; қарым-қатынас мақсатының айқын болуы; дискурстық тәжірибенің болуы; айтылымның типтік формаларының болуы; айтылымның қайталану сипатында болуы; ертегілік категориясының болуы» (33-43 бб.) деген тұжырымы туыстық байланысы жоқ халықтардың ертегілеріне арқау болған желіні өзара салғастырып, талдау арқылы дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең. Мақала түрінде дәлелденген.</p> <p>3. Зерттеуде ертегілік категориясының базалық өлшемдеріне <i>ғажайып, құндылық, белгісіз хронотоп, құрылымдық-семантикалық қайталаулар</i> жатады. Жалпы кез келген халықтың ертегісі ғажайыпқа, арман мен қиялға, сиқырға құрылады. Ертегі дискурсындағы құндылық, оған оң және теріс көзқарастар этностың ғасырлар бойы жинақтаған, ұрпақтан-ұрпаққа</p> |

жеткізіп отырған өмірлік тәжірибесінен, таным-түсінігінен, наным-сенімінен қалыптасады. Ертегі оқиғасы орын алған уақыт пен кеңістік белгісіз болады, бұл әлем халықтары ертегілерінің барлығына тән. Ертегідегі құрылымдық-семантикалық қайталаулардың өзіндік стильдік қызметі болатыны мәлім (18-20 бб.). Жалпыға түсінікті осы концепция зерттеуде толығымен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең. Мақала түрінде дәйектелген.

4. «Ертегі мәтіні мен ертегі дискурсының айырмашылығы бар. Ол айырмашылық қарым-қатынастың жүзеге асуының визуалды/акустикалық, жансыз/жанды контакт, қарым-қатынасқа түсушілердің байланысының жанама/тікелей сипатымен, ертегіні қабылдаудың әр кезеңдік/бір мезеттік сипатымен, статикалық өнім/динамикалық үдеріс сипатымен анықталады. Ертегі мәтіні – дискурсқа дайын өнім, ертегі дискурсы – дайын өнімнің нақты жағдаяттағы көрінісі» (38-бет) деген тұжырымы нақты кесте түрінде ұтымды ұсынылған. Тривиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең.

5. «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері анықталды: тілдік: лексикалық, грамматикалық, семантикалық; қарым-қатынас стратегиясы; когнитивтік-коммуникативтік. Ертегі дискурсының жанрлық сипатына тән тілдік бірліктерді таңдап қолдану, ұлттық ерекшеліктің болуы, ертегілік категориясының ғажайып, құндылық, белгісіз хронотоп сияқты белгілері тірек концептілер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, метафоралар, реальный сөздер т.б. лексикалық бірліктер арқылы көрініс табады» (44-56 бб.) деген тұжырымы дәлелденген. Мысалы, зерттеушінің «сандық» концептісіне қатысты тұжырымдары ұтымды шыққан. Алайда «үйлену», «алтын ақша», «асыл тастар», «сиқыр/сықыршы» ұғымдарын жеке концепт ретінде ұсыну әлі де ойлана түсуді қажет етеді. Жалпы ізденуші «ұғым» және «концепт» терминдерін тең дәрежеде қолданған. Ұғымның шеңбері концептімен салыстырғанда әлдеқайда тар екені мәлім. Себебі, концепт – ұғымдар жиынтығы. Тривиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең.

6. «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтаудың маңыздылығы ондағы мәдени код, мәдени маркерлер, символдардың астырт құрылымдарын түсіндірумен анықталады. Ертегі дискурсының астырт құрылымдарындағы мағыналар әр ұлттың дүние туралы кодталған білімдер жүйесін құрайды. Осындай дүниелік білімдер ертегі тыңдарманының санасында болғанда дискурс орын алады. Сондықтан ертегіші я болмаса тыңдаушының сөз стратегиясында мәдени мәнді сезіне алатынын немесе сезіне алмайтынын анықтаудың ертегі дискурсы үшін мәні ерекше» (58-60 бб.) деген тұжырымы дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең. Мақала түрінде дәйектелген.

|    |   |  |  |
|----|---|--|--|
|    |   |  | <p>7. “Ертегі дискурсы лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдау әдіснамасы, принциптері анықталып, оны зерттеудің дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісі ұсынылды. Аталған үлгі үш деңгейден тұрады, әр деңгейдің өзіне тән зерттеу үлгілері жасалды. Зерттеу үлгісін жасау барысында концептуалдық талдау, салғастырмалы әдіс, салғастырмалы лингвомәдени талдау әдістері, дискурс талдау бойынша жазылған әдіснамалық принциптер басшылыққа алынды. Ұсынылған зерттеу үлгісін осы бағыттағы болашақ зерттеулерде қолдануға болады” (112-119 бб.) деген тұжырымы дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең. Дегенмен жұмыстың 3.1 тараушасында көрініс тапқан «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастыра зерттеу әдіснамасы, принциптері мен әдістері» диссертацияның бірінші тарауында берілгені жөн болар еді.</p> <p>8. Қазақ, орыс және араб ертегі дискурсын салғастырмалы талдау ертегі дискурсының жанрына тән әмбебап белгілер (бір типті кейіпкерлер, ғажайып заттар, магиялық тапсырмалар, ғажайып көмекшілер, тірек концептілер, ертегінің басында, ортасында және соңында қолданылатын тұрақты клишелер, «үш» және «жеті» сандарының символдық мәні, тілдік бірліктердің таңдап қолданылуы, қайталаулардың стилдік қызметі, айтылымның нақты бір адресатқа бағытталуы, дискурстық тәжірибенің болуы, ертегілік категориясының болуы) мен ұлттық ерекшеліктерді (атақ-лауазым, киім, тағам, аң-құс, кәсіп атаулары, оқиғаларының өту орны, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің қолданысы, мәдени код, мәдени маркер, сөйлеу әдебі формалары, әдеп нормалары, сөйлеу актісіне қатысушылардың ішкі жан-дүниесі, ұлттық сөйлеу мәнері, мінез-кұлқы) анықталды. Ертегі дискурсын салғастырмалы талдау нәтижесі кез келген мәдениеттегі кодталған білімдер жүйесінің кілтін ашу – дискурстың маңызды алғышарты” (119-123 бб.) деген тұжырымы Вен диаграммасы арқылы дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең.</p> |
| 8. | Дәйектілік принципі<br>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) <u>ия</u> ;<br>2) жок | Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған (112-119 бб.).<br>Зерттеу жұмысында жалпы ғылыми әдістер – индуктивті әдіс, бақылау, талдау; арнайы лингвистикалық әдістер: дескриптивті-аналитикалық, мәнмәтіндік талдау әдісі, компонентті талдау әдісі; дискурстық талдау әдісі: дискурстық талдаудың категориялары мен өлшемдері, дискурстық талдау бірліктері; салғастырмалы әдіс: салғастырмалы, салыстырмалы әдістер, салғастырмалы лингвомәдениеттану әдістері тиімді пайдаланылған және диссертант өз тарапынан ертегі дискурсының лингвомәдени  |



|  |   |  |
|--|---|--|
|  |   | өлшемдерін салғастырмалы зерттеудің үлгісін ұсынған ( 112-118 бб.).  |
|  | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жок</p>   | <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Диссертант CoreIDRAW графикалық редакторын пайдалана отырып, қазақ, орыс және араб қиял-ғажайып ертегілеріне тән ортақ белгілер мен айырым белгілерді көрсететін сызбалар ұсынған (119-128 бб.). Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша дискурста қабылдануы мен қайта түзілуіндегі ерекшеліктерді анықтауға арналған эксперимент смартфон, диктафонды тиімді пайдаланып ұйымдастырылған, соның нәтижесінде жаңа тұжырымдар жасауға ықпал еткен (104-111 бб.).</p>  |
|  | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жок</p> | <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (103 б.). Диссертант ұсынып отырған ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша дискурста қабылдануы мен қайта түзілуіндегі ерекшеліктерді эксперименттік талдау нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға негіз болған: ертегіні тыңдап, түсінуге ұмтылған оқушыда жоғарыда көрсетілген қателіктер мен ауытқуларға қарамастан, ертегі дискурсы орын алды, қарым-қатынас сәтті болды, жалпы ертегі мазмұнын түсініп, оны қайта түзді деп айта аламыз. Өйткені ертегі дискурсын қабылдау мен түсіну, өңдеу және қайтадан түзу әрекеттерінің шығармашылық сипатының басымдылығы, сонымен қатар когнитивтік әрекетте оқушылардың ертегіні түсінуінде тек сол ертегі мәтінінен тікелей алатын білімдері ғана емес, мәтінге тәуелсіз жалпы білімдері де, әр оқушының арнайы өз білім тәжірибесі де маңызды орын алатыны анықталған.</p> <p>Ертегі дискурсының ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне эксперименттік талдау Ақтөбе қаласы “Ақбөбек” мектебі, №40 ЖОББМ, Шалқар ауданы, Қаратоғай ЖОББМ, Байганин ауданы, Жарқамыс ЖОББМ бастауыш сынып оқушыларына жүргізілген.</p> |
|  | <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>   | <p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттің жалпы саны – 134. Дискурс теориясына, салғастырмалы тіл біліміне, лингвомәдениеттаным</p>  |

|          |                                      |   |  |
|----------|--------------------------------------|---|--|
|          |                                      |   | <p>аспектісіне қатысты оның теориялық және әдіснамалық негізі ретінде дискурс теориясы және Н.Д. Арутюнова, В.З. Демьянков, Ю.Н. Караулов, В.И. Карасик, А.А. Кибрик, Е.С. Кубрякова, Л.М. Макаров, Қ.Ө. Есенова, З.Ш. Ерназарова, Г.Н. Смағұлова, Г. Әзімжанова, Б.С. Жұмағұлова, Г. Бүркітбаева, Е. Әлкебаева, Н. Уәли, Ж.М. Кеншінбаева, Ш.А. Нұрмышева, С.Б. Альпатина, А.Е. Сәденова, К.Қ. Садирова; салғастырмалы тіл білімі бойынша И.А. Стернин, М.А. Стернина, В.Б. Кашкин, А.П. Бабушкин, В.Н. Гак, С.Г. Тер-Минасова, З. Ахметжанова, К.К. Дүйсекова, С.Ж. Тажибаева, С.К. Сәтенова, С.С. Исакова; лингвомәдениеттану бойынша В.Н. Телия, Ю.С. Степанов, А.Д. Арутюнова, В.В. Воробьев, А.Т. Қайдар, М. Балақаева, Ш. Құрманбаева, Р.С. Сыздықова, Е.Н. Жанпейсов, К.Ш. Хұсайын, Ж.А. Манкеева; салғастырмалы лингвомәдениеттану (Г.М. Алимжанова, Е.О. Опарина т.б.); ертегі дискурсы бойынша (Ю.В. Мамонова, С. Цзинтин, Н.А. Акименко, М.В. Демина, А.М. Кербс, К.Т. Батуева, И.Г. Ульянова, Т. Луговая, О.А. Плахова, У.В. Каримова, Д.Ф. Шакиров, А.Ш. Юсупова, А.Т. Қасымбекова, А.В. Шаколо) т.б. ғалымдар еңбектеріне негізделген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен нақтыланған.</p> |
|          |                                      | <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b></p>   | <p>Пайдаланылған әдебиет тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, қазақ, орыс және араб халықтарының қиял-ғажайып ертегілерін электрондық дереккөздерді қосқанда 137 әдебиет қолданылған және диссертациялық жұмысты ресімдеуге арналған талаптарға сай, барлығына сілтеме жасалған.</p>   |
| <p>9</p> | <p>Практикалық құндылық принципі</p> | <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br/>1) <b>ия;</b><br/>2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br/>1) <b>ия;</b><br/>2) жок</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br/>1) <b>толығымен жаңа;</b><br/>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br/>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар дискурс теориясы, салғастырмалы тіл білімі, лингвомәдениеттаным, т.б. тіл білімі салаларының ғылыми-теориялық негіздеріне және аталған ғылым салаларының теориялық мәселелерінің іргелі дамуына елеулі үлес қосады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы жалпы тіл білімі, жалпы лексикология, дискурс теориясы, лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі, лингвистикалық зерттеу әдістері бойынша арнайы курстар, дискурстық талдау және мәтін лингвистикасы курстарын өткізуде пайдалану мүмкіндіктерімен айқындалады. Лексикографиялық тәжірибеде және ертегі дискурсын салғастырмалы талдауда қолдануға болады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып саналады. Өйткені ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері салғастырмалы аспектіде (қазақ, орыс, араб тілдері материалында) алғаш рет қарастырылып отыр.</p>  |

|     |                           |  |  |
|-----|---------------------------|--|--|
|     |                           |  | Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ғылыми жұмысты аяқталған деп бағалауға болады.  |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) <b>жоғары</b> ;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Н.К.Култанбаеваның диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады. «Ертегі дискурсы», «ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері» ұғымдарына анықтама берілген, ертегі дискурсы жанрына тән белгілер нақтыланған. Ертегі дискурсы лингвомәдени өлшемдерінің тілдік деңгейде өзектелуі дәлелденіп, қарым-қатынас стратегиясындағы ұлттық сөйлеу әдеби мен когнитивтік-коммуникативтік ерекшеліктері тілдік деректермен дәйектелген. Ертегі дискурсын лингвомәдени аспектіде салғастыра зерттеу әдістемесі жасалып, ертегі дискурсын дискурстық-лингвомәдени талдау үлгісі ұсынылған. Қазақ, орыс, араб қиял-ғажайып ертегі дискурсы аталған талдау үлгісі бойынша салғастырылған. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне эксперименттік талдау жүргізіліп, нәтижелері талданып, қорытынды жасалған. Қазақ, орыс және араб ертегі дискурсына дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау жасауы диссертанттың кәсіби біліктілігін көрсетеді. |

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру**;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Култанбаева Нургул Калдыгуловнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша жазылған «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде)» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, ол философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Рецензент:**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Академик  
С. Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының докторы**

15.04.2022



|                 |   |
|-----------------|---|
| РАСТАЙМЫН:      | Абай атындағы ҚазҰПУ<br>ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ      |
| ЗАВЕРЯЮ:        | НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО<br>УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ<br>КазНПУ имени Абай |
| КОЛЫ<br>ПОДПИСЬ | <b>Есенова Қ.Ө.</b>   |